

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Ойнайық та,ойлайық»

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.09.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/81049/>**Өтетін күні:** 11.02.2020 ж**Қатысқан оқушы:** Қауи Жасмин**Диагнозы:** F-71 Резид.орг.сост. ЦНС с эмоционально волевыми нарушениями. Детский аутизм. ОНР II-III уровня.
Ангиопатия сетчатки.**Сабақтың тақырыбы:** «Ойнайық та,ойлайық»**Сабақтың мақсаты:** Оқушыны заттарды танып көрсетуге, түстерін, санын, заттарды өз орнына орналастыруға меңгерту.**Түзете - дамытушылық мақсаты:** Тапсырмаларды орындата отырып, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикасын дамыту.**Дидактикалық материалдар:** Дидактикалық панно, монтиссори көрнекіліктері**Көрнекі құралдар:** майлы бояу, түрлі - түсті суреттер.түтікше.күн суреті,майлық.**Сабақ түрі:** жеке сабақ

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

- Саламатсың ба?
- Көңіл — күйің қалай?
- Сабаққа дайынбыз ба?

II. Жаңа сабақ.

Сабақ бастамас бұрын, есімізге түсіріп жіберейік.

Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс
- Қыс мезгілінде не жауады?
- Қар
- Дұрыс айтасың Жасмин.
- Қардың түсі қандай болады?
- Ақ
- Жарайсың Жасмин!
- Олай болса Жасмин бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Ойнайық та, ойлайық»
- Ойнау арқылы ойлап тапсырмалар орындайтын боламыз.

1-Тапсырма: «Дидактикалық панно»

Шарты: Дидактикалық паннода жетіспеген алма, алмұрт, сәбіз, балық, саңырауқұлақтарды бір – бірінен ажыратып, өз орнына санау арқылы орналастыруымыз қажет. Сонымен қатар 5 санына дейін заттарды санату.

2 — тапсырма: «Ойлан тап»

Шарты: Шабаданға қажетті заттарды атап салу./Қалаға қыдырып барарда нені қажет деп аламыз. Сол заттарды шамаданға орналастыру/

3- тапсырма: Күн бейнесін бейнелеу.

Шарты: Шуағы жетіспеген күнге, берілген сиқырлы 5 қыстырғыштар арқылы күн бейнесін бейнелеу.

4 - тапсырма : «Қардың жаууы»

Шарты: Берілген түрлі - түсті қағазға ақ майлы бояу арқылы түтікшемен қардың бейнесін үрлеу арқылы шығару.

III. Қорытынды.

- Сабақ ұнады ма?
- Қандай тапсырмалар орындадық?
- Нелердің бейнесін жасадық?
- Неше санын қайталап үйрендік?

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.